Бөлім:	Ежелгі Египет	
Педагогтің аты-жөні	Отар Әл фараби Нұрмаханбетжанұлы	
Күні:	12.10.2026 (5 E) 07.10.2026 (5 D) 06.10.2026 (5 L) 09.10.2026 (5 H) 08.10.2026 (5 K)	
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	**Неліктен Египет «Қара жер» деп аталған?**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	5.2.4.2 ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекет пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау;	
Сабақтың мақсаты	*Барлығы:* Египет тарихын қысқаша түсіндіреді; Египеттіктердің тұрмысы мен шаруашылығын біледі; *Көпшілігі:* Неліктен Египет «қара жер» деп алғанын анықтайды; *Кейбірі:* Египет елінің тұрмысы мен шаруашылығының өз сөзімен тұжырымдайды	
Бағалау критерийлері	Нілдің Ежелгі Мысырдағы адамдардың тұрғылықты жеріне әсері анықтайды және түсіндіреді (ПОПС/ ПТМС құрылымы бойынша) Нілдің адамдардың егін өсіру әдісіне және егіншілікті ұйымдастыруға әсерін анықтайды және түсіндіреді (ПОПС/ ПТМС құрылымы бойынша).	
Тілдік мақсаттар	*Оқушылар* бұл тақырыпты зерделеу нәтижесінде түрлі дереккөздерден ақпарат ала отырып, Ніл өзенінің ежелгі мысырлықтар- дың өміріндегі рөлін біле алады *Негізгі ұғымдар:* сфинкс, иероглиф, папирус, перғауын, т.б. *Диалогқа арналған сұрақтар* Ежелгі мысырлықтар Ніл өзенін неліктен марапаттаған? *Талқылауға арналған сұрақтар* 1. Ежелгі Мысырдың «Қара жер» аталуының себебі неде? 2. Ніл өзенінің мысырлықтар өміріндегі маңызын сипаттаңдар және Қосөзендік халықтарының өмірімен салыстырыңдар.	

	3. Мысырда әлеуметтік жіктелістің күшеюіне не себеп болды? 4. Бір орталыққа біріккен Мысыр мемлекеті қалай құрылды? *Жазылымға арналған тапсырмалар*: 1-2 тапсырмалар
Құндылықтарға баулу	Қоршаған айналаның проблемаларын, өзге көзқарастарды көру және ұғыну қабілеттігі, сынға дұрыс жауап қайтара білу; топта жұмыс жасау қабілеттерін иелену, топта түрлі рольдерді орындай білу; бір-бірін тыңдап, өзгелердің жауаптарын толықтыра білу; ежелгі мәдениетті, табиғатты және қоршаған ортаны құрметтей білу.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **Ұйымдастыру Кезеңі** **Қызығушылықты ояту** **8 мин.**	Ермексаздан жасалған Ніл өзенінің үлгісін көрсетіп, оны тасығанша су құю керек. Нәтижесінде Ніл өзенінің тасуын оқушылармен талқылаңыздар. Оқушыларға сұрақтар: ● Сіз не көрдіңіздер? ● Не болып жатыр? ● Ніл өзенінің тасуының басқа мүмкін салдары болуы мүмкін? Асуан суқоймасының суретн көрсетіп, суқойма XX ғасырдың ортасында Египетті электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін салынған түсіндіру керек. Айта кетерлігі, суқоймасының салынуымен жыл сайын табиғи циклмен қайталанып, өзен жағасын құнарландыратын Ніл өзенінің тасуы біржола тоқтатылғанын айтып түсіндіріп кету керек. **Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру**	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу	ҚБ мадақтау	Тақырыптық суреттер Үлестірмелі қағаздар

Сабақтың ортасы **Жаңа сабақ** **30 мин**	**1-тапсырма: «Таным баспалдағы»** Әр оқушы 1-қадам: мәтінмен жұмыс; 2-қадам: талқылау; 3-қадам: тұжырым; 4-қадам: Өз пікірін қорғау. оқулықтан тыс қосымша материалдардан Ежелгі Египет ескерткіштері туралы мәлімет тараты- лады. 3 минут уақыт ішінде топ мүшелері мәліметпен танысып, келесі топқа өздеріне берілген мәліметті жеткізеді. **2-тапсырма** 1. Суреттерге сәйкес Ежелгі Мысырдың шаруашылық жүйесін сипаттаңыз және өз ойынызды түйіндеңіз. 2. Ғылымдардың пайда болып, дамуына шаруашылық пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын дәлелдеңіз.	- Ежелгі Мысырдағы шаруашылықтың жүйесін сипаттайды; - математика, геометрия, астрономия, медицина ғылымдарының пайда болып, оның қоғамға әсерін анықтайды; Ежелгі Мысыр қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттайды	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Ең үздік жауап» «Алақан-жұдырық»	Ақпараттық Мәтін Кесте карта
Сабақтың соңы **Қорытынды** **Ой толғаныс.** **Рефлексия** **7 мин.**	Кері байланыс ➢ Бүгінгі сабақ мазмұны түсінікті ме? ➢ Не түсініксіз? ➢ Нені білгіңіз келеді? ➢ Мақсатымызға жеттік пе?	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	1. Мысырдың «Қара жер» атты атауы арасындағы байланыс туралы тұжырым жазу			

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша
Қысқа мерзімді жоспар
5– сынып, 1-тоқсан
№7-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Пунт жеріне перғауын Хатшепсут кемелерін не үшін жіберді?

Бөлім:	Ежелгі Египет	
Педагогтің аты-жөні	Отар Әл фараби Нұрмаханбетжанұлы	
Күні:	07.09.2026 (5 E) 07.09.2026 (5 D) 07.09.2026 (5 L) 07.09.2026 (5 H) 07.09.2026 (5 K)	
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	**Пунт жеріне перғауын Хатшепсут кемелерін не үшін жіберді?**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	5.4.1.3 ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесін сипаттау	
Сабақтың мақсаты	Бұл тақырып 1В бөлімінде қарастырылған Ніл алқабында орналасқан ежелгі өркениеттердің бірі Ежелгі Мысырды зерттеугежәне өткен кезеңдердегі өмірді қалпына келтіру үшін археологиялық мәліметтерді оқып үйренуге негізделген.	
Бағалау критерийлері	Оқушы ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесін сипаттайды Оқушы ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттайды	
Тілдік мақсаттар	*Негізгі ұғымдар:*Мирра ағашы *Талқылауға арналған сұрақтар* Хатшепсут кім болған? Ежелгі әлем билеушілері арасында қайсысы әйел болған? Ежелгі Египеттіктер Пунт жерінен қандай тауарлар тасымалдады? *Диалогқа арналған сұрақтар* Бір жағынан, бұл суретте Хатшепсут … сияқты кәрінеді Бір жағынан дереккәздерді зерттей отырып, оның образын түсіну қиын, себебі... Тутанхамон мазары бізге … туралы айтады *Жазылымға арналған тапсырмалар:* карточкалар, суреттер, «Суретті әңгіме»	
Құндылықтарға баулу	Өзгелердің мәдениетіне және кәзқарастарына құрметпен қарау	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **Ұйымдастыру Кезеңі** **Қызығушылықты ояту** **8 мин.**	**Қызығушылықты ояту кезеңі.** **Бастапқы стимул.** **(Б)** Уақыт сызығының бір ұшына «б.з.д. 3000 жыл», екінші жағына «Бүгін» деп белгілеңіз. Мысыр картасынан Гиза қаласындағы Хеопс пирамидасының орналасқан жерін көрсетіңіз. Хеопс пирамидасының суретін біздің заманымызға дейінгі 3000 жыл белгіленген тұсқа орналастырып, Мысырдың әлемдегі еңежелгі өркениет болып табылатынын айтыңыз.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу	мадақтау	Тақырыптық суреттер
Сабақтың ортасы **Жаңа сабақ** **30 мин**	**Мағынаны тану кезеңі.** Осыған дейін 1В бөлімінде қарастырылған Асуан су бөгетінің фотосуретін көрсетіңіз. **1-тапсырма** Бұдан бұрын пайдаланылған Мысыр картасынан Асуан су бөгетінің орналасқан тұсын көрсетіңіз. Содан соң картаға Дейр әл Бахари ғибадатханасын орналастырып (белгішемен, стикермен), ғимараттыңфотосуреті мен ғибадатханаға кірер есіктің панорамалық фотосуретін көрсетіңіз. Ғибадатхана фотосуретінің көшірмесін уақыт сызығында шамамен біздің заманымызға дейінгі XV ғасыр датасының жанына қойыңыз. Бұл ғибадатхананың Мысыр перғауыны Хатшепсут арнап салынғанын түсіндіріңіз. **2-тапсырма** Хатшепсуттың мүсінін көрсетіңіз. Мүсіннен қандай ерекше нәрсені байқағандарын сұраңыз. Мысырдың аз ғана әйел-билеушілерінің бірі болғанын айтыңыз. **3-тапсырма «Меню» әдісі**	Оқушылар болжамдарын мәлімдейді, бұдан кейін фотосуретті уақыт сызығында «Бүгін» белгісіне жақын, 1960-1970 жж. аралығына орналастырады Оқушылар ресурстар тізімінен карточкалар мен Мысырдың әлеуметтік құрылымын сызба бойынша жүйелейді	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Ең үздік жауап» «Алақан-жұдырық»	карточкалар Оқулық, 30-31 бб ғибадатхана суреттері

	Пунт елінің орналасқан жерінің сипаттамасы бойынша карточкалар таратылады. Сұрақ: - Египеттіктер қай теңіз арқылы жолға шығатын? - Олар жолда қашан күн болған? - Пунт елінің әсімдік және жануарлар әлемі қандай болған? - Ежелгі Египеттіктер Пунт жерінен қандай тауарлар тасымалдады?		«Жұлдызшалар»	ҚБ парағы
Сабақтың соңы Қорытынды Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин	Кері байланыс **«Төрт торша»** 1. Менің сабақтағы көңіл - күйім? 2. Менің бүгінгі сабақтан үйренгенім? 3. Маған бүгінгі сабақтан ұнағаны? 4. Маған бүгінгі сабақтан ұнамағаны?	бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	1. Ежелгі Мысырдағы діни наным- сенімдерді түсіндіреді			

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша
Қысқа мерзімді жоспар
5– сынып, 1-тоқсан
№8-сабақ
Сабақтың тақырыбы: Ежелгі Египет пирамидалары қалай салынды?

Бөлім:	Ежелгі Египет			
Педагогтің аты-жөні	Отар Әл фараби Нұрмаханбетжанұлы			
Күні:	07.09.2026 (5 E) 07.09.2026 (5 D) 07.09.2026 (5 L) 07.09.2026 (5 H) 07.09.2026 (5 K)			
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**		
Сабақтың тақырыбы	**Ежелгі Египет пирамидалары қалай салынды?**			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	5.2.1.2 тотемизм, анимизм, фетишизм, магия сияқты ежелгі діни наным-сенімдерді білу; 5.2.2.2 Ежелгі Египет ғибадатханалары мен пирамидаларын сипаттау;			
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Ежелгі Египет ғибадатханалары мен пирамидаларды біледі. Оқушылардың басым бөлігі: Ежелгі Египеттіктердің діни наным- сенімінің ерекшеліктерін біледі Кейбір оқушылар: Қарастырып отырған тарихи оқиғалар мен деректер туралы өз пікірін айта алады			
Бағалау критерийлері	Ежелгі Мысырдағы діни наным-сенімдерді түсіндіреді. Ежелгі Мысыр пирамидаларын құрылысы сипаттау. Ежелгі Мысыр қоғамының әлеуметтік құрылымын сипаттайды.			
Тілдік мақсаттар	Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты саралап ала алады және анықтай алады; - Берілген критерийлерге байланысты суреттерді жіктей алады; - Оқыған мәтінді түсінгенін көрсете және оның басты мазмұнын айта алады ; - Тарихи оқиғалардың себептері мен салдарын анықтай алады Пәндік лексика және терминдер Сфинкс, мумия, саркофог. Диалогқа/жазылымға қажетті сөз тіркестер 1. Ежелгі Египеттегі пирамидалары қандай қызмет атқарған ? 2. Перғауындардың пирамидалары қай қаланың маңында орналасқан? 3. Пирамидалар Нілдің қай жағалауында орналасқан? 4. Қалай ойлайсыңдар неліктен? 5.Қандай пирамидаларды білесіңдер атап беріңдерші?			
Құндылықтарға баулу	Толерантты сана, мәдениет және көзқарастардың әртүрлілігіне деген құрмет			

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

<table>
<tr>
<td>Сабақтың басы
Ұйымдастыру
Кезеңі
Қызығушылықты ояту
8 мин.</td>
<td>"Шаттық шеңберін" құрып тұрғызып, "Көңіл – күй неге ұқсас" тренингін ойнату
II. Ой шақыру.АКТ мүмкіндіктерін пайдалана отырып сабақты Египет пирамидаларына виртуалды саяхат жасаумен бастап және суреттерін көрсету арқылы ой шақыру. Талқылауға арналған сұрақтар:
- Не себепті ежелгі Египеттіктер Пирамидалар салған?
- тотемизм, анимизм, фетишизм, магия дегеніміз не?
- Мумия дегеніміз не?
- Египетиктер кімдерді Мумиялаған?
- Неліктен олай ойлайсың?
Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру</td>
<td>Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу</td>
<td>мадақтау</td>
<td>Тақырыптық суреттер</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы
Жаңа сабақ
30 мин</td>
<td>Мәтінмен жұмыс. Мәтінмен танысыңдар./Оқылым/ Кесте толтыру /Жазылым, Айтылым / Кестені ежелгі Мысырдағы діни сенімдер бойынша толтырыңыз:
<table><tr><td>Құдайлардың аттары</td><td>Ненің құдайы?</td><td>Қандай құрметке ие болды</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table>Талдау . Тапсырма
« Детальдарын қосу» әдісі арқылы жаңа тақырыпты түсініу үшін арнайы тапсырмаларды қолдану
1.Сфинкс Сіздер Ежелгі Египетте пирамидаларды қалай салған деп ойлайсындар ? Шығармашылық тапсырма «Эссе жазу» арқылы тақырыпты ашу</td>
<td>Дескриптор : - Оқулықтан өздеріне қажетті ақпаратты табады. - Амон-Ра, Хапи, Тот, Перғауындардың ненің құдайы екендігін анықтайды - -Амон-Ра, Хапи, Тот, Перғауындардың құдайларының құрметтерін біледі
Дескриптор: - Мысырдағы тарихи ескерткішті атайды; - Пирамидаларды кімдер салдырғанын айтады; - Перғауындардың пирамидаларды қандай</td>
<td>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады
«Ең үздік жауап»
«Алақан-жұдырық»</td>
<td>оқулық,
қосымша деректер,
суреттер,
плакат, түрлі-түсті қағаздар,
маркер, қарындаш тар</td>
</tr>
</table>

	2.Жосер Картамен жұмыс. Картаға пирамидалардың орналасқан жерін салыңыз (Пирамидалар неліктен Нілдің баты жағасында орналасқан ?, Ол египеттіктердің қандай діни наным- сенімімен байланысты?). 3.Хеопс. «Мумиялар қалай жасалған ?» постер қорғау Постермен жұмыс Өз ойларын ортаға салады сабақты талдайды Белгілеген уақыттан соң әрбір топ мұғалім берген тақырыпты қорғайды. Тапсырма Оқушыларға Хеопс, Сфинкс,Жосер пирамидасы салынған қимадағы сурете салынған парақтар таратылады. . Оқушылар жеке , алдарына берілген суреттер бойынша әңгіме құрастырады	мақсатта салдырғанын айтады; - Мысырдағы ең үлкен пирамиданың атын атайды; - Перғауындарды не себептен мумиялағанын айтады. - Мысыр жеріндегі ең үлкен пирамиданың биіктігі мен көлемін атайды; - Пирамида ішінде перғауындардың жерленгенін атайды.	«Жұлдызшалар»	
Сабақтың соңы Қорытынды Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.	Кері байланыс «Сағат тілі» әдісі 	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	1. Жосер перғауынға арналып салынған пирамиданың құрлысының ерекшелігі неде? Зерттеу			

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша
Қысқа мерзімді жоспар
5– сынып, 1-тоқсан
№9-сабақ
Сабақтың тақырыбы: Ежелгі Египет тұрғындарының өмірі туралы Тутанхамон табытханасы қандай сыр шертеді?

Бөлім:	Ежелгі Египет	
Педагогтің аты-жөні	Отар Әл фараби Нұрмаханбетжанұлы	
Күні:	07.09.2026 (5 E) 07.09.2026 (5 D) 07.09.2026 (5 L) 07.09.2026 (5 H) 07.09.2026 (5 K)	
Сынып:	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	**Ежелгі Египет тұрғындарының өмірі туралы Тутанхамон табытханасы қандай сыр шертеді?**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	5.1.2.1 ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: 1. Тутанхамон мазарынан табылған жәдігерлерге сипаттама береді 2. Уақыт сызығында Тутанхамонның билік құрған уақытын анықтайды. Оқушылардың басым бөлігі: Неліктен Тутанхамон мазары маңызды тарихи дерек болып саналатынын түсіндіреді. Кейбір оқушылар: Неліктен Перғауынның мазарында сиқырлы белгілер жазулар мен құдай бейнелері салынғандығын түсіндіреді.	
Бағалау критерийлері	өз көзқарасын аргумент арқылы қуаттайды	

	Тутанхамон моласының ежелгі египеттіктердің өмірін зерттеудегі маңызын берілген терминдерді пайдалана отырып түсіндіреді; түсіндіру барысында 2-3 дәлел келтіреді.
Тілдік мақсаттар	эссе жазады (жазылым дағдысы) **Пәнге қатысты лексика мен терминология:** мола, перғауын **Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер:** Тутанхамон моласының ежелгі египеттіктердің өмірін зерттеудегі маңызы ерекше, өйткені…
Құндылықтарға баулу	құрмет (іс-әрекет арқылы: оқушылар бір-бірінің пікірін тыңдайды) Тутанхамон египеттіктерге олардың ескі құдайларын қайтарып берді, бұл мемлекеттің қайта гүлденуіне деген үміт отын жақты

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **Ұйымдастыру Кезеңі** **Қызығушылықты ояту.** **8 мин.**	Ұ.Ширату жаттығуы «Ой қозғау» бөлімі «Айырмашылығы неде?» Оқушыларға екі сурет көрсетіледі. «Хиопс» пирамидасының суреті көрсетіледі. Екіншісі қазіргі замандағы мазардың суреті.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу	мадақтау	Тақырыптық суреттер
Сабақтың ортасы **Жаңа сабақ** **30 мин**	1-тапсырма: Түрлі –түсті стикерлерді оқушылардың орындығының артына жабыстыру арқылы гетерогенді топ жасақтаймын. 2 – тапсырма: «Графикалық органайзер» Сәйкестендіру тесті. Оқушыларға жаңа тақырыпты орындамас бұрын жаңа термин сөздермен жұмыс жүргіземін.	Оқушылар Египеттегі тарихи ескерткіштермен мазарлар жайлы болатындығы туралы айтады жаңа термин сөздермен	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	Презентация «Тутанхамон моласы»

	Термин Анықтама Патшалар алқабы мазар саркофаг мумия фальга **Жеке тапсырма.** Оқушыларға «анимизм», «фетишизм», «магия», «тотемизм» терминдерін пайдалана отырып, «Тутанхамон мазары бізге не туралы айтты?» тақырыбына эссе (50 сөз) жазуға тапсырма беру .	жұмыс	«Ең үздік жауап» «Алақан-жұдырық»	
Сабақтың соңы Қорытынды Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.	Кері байланыс 1.Мен сабақ қызықты _____ қызықсыз болды деп ойлаймын. 2. Мен сабақта: үйрендім көп нәрсені _____ үйренгенім аз болды. 3. Мен басқаларды мұқият _____ зейінсіз тыңдадым. 4. Мен пікірсайыстарға жиі _____ сирек қатыстым 5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын _____ риза емеспін.	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	2. **Ежелгі Египет тұрғындарының өмірі туралы Тутанхамон табытханасы қандай сыр шертеді?**			